## КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

### Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы МАД

### 2023-2024 Оқу жылы (11.09.2023ж-15.09.2023ж)

| | Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>«Ұлттық ойындармен ойыншықтар»<br>Қоржыны бар қуыршақ Айжан келеді.<br>-Айжан,қолындағы не?<br>-Қоржын.<br>-Онда не бар?<br>-Ойыншық.<br>Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтарымен таныстырады:<br>-Мынау-асық.<br>Ас-ық, Қ-қ-қы-қы-ық-ық-мынау-асық.<br>**Міндеттері:**<br>балалардан дене шынықтыру іс әркетінде қандай ойындар ойнаған сұрау. Ол ойындар несімен ерекше екенін сұрау. Шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Өнім атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.<br>Асық қазақтың ұлттық ойыны екені,асықты тек ер балалар ойнау керегін түсіндіру. Асық атадан балаға мұра болып қалатын дүние екенін ұғындыру. Асық ткрт түлік малдың сүйегінен алынатынын айту.<br>Түстерді атай білуге,ажырата білуге үйрету. Баланың танымын қалыптастыру. | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Қоржынның бір басындағы таныс ойыншықтарды алады,атайды.<br><br>Тыңдайды,жеке хормен қайталайды,асықтың түсін айтады.<br>Дыбыстарды,дыбыстық жаттығуларды айтып үйренеді.<br>Сөздегі бірінші дыбысты анықтауға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Ойын.**<br>Балаларды екі топқа бөліп.<br>Асықтарды сары,қызыл,көк,ақ түстерден  ажыратып қоржынға санап салу. | Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға тырысады.
**Игереді:**Қарапайым сұрақтарға жауап береді.
**Меңгереді:**Сөздерді қолдану қабілетін меңгереді.

Тексерілді: 11.09.2023 ж.

## КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

**Тәрбиелеу-білімберупроцесініңциклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (18.09.2023ж-22.09.2023ж)**

<table>
<tr><th></th><th>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</th><th>Балалардың іс-әрекеті</th></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td><td>Шаттық шеңбері.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>«Жануарлар әлемі» тақырыбы.<br>Үй жануарлары атын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Жануарлар екіге бөлінеді. Үй жануарлары және жабайы жануарлар. Қазіргі тақырыпта үй жануарлары туралы әңгімелейтін боламыз. Неліктен үй жануарлары-деп аталатыны,жылқы,сиыр,қой,құлыншақ,-бәрі мал деп аталатынын,малға адамдар қамқорлық жасайтынын түсіндіру. Осы жануарлардың адамға пайдасы диалог түрінде сөйлесу. Мынау не?-Қой. Мынау не?-Түйе(сиыр,ешкі). Үй жануарлары сүт,ет,жүн береді. Терісінен қойдың етік,тон,ішік жасайды. Жануарлардың кейбір ерекшелігі туралы сұрау түйе үлкен,қой кішкене т.б.Жануарлардың табиғаттағы роль мен маңызы туралы және неліктен үй жануарлары және жабайы жануарлар деп аталатыны туралы түсінік беру. Үй жануарларының адамға тигізетін пайдасы өте зор. Сиырдың сүтін ішеміз,қаймақ,айран жасаймыз,етін жейміз. Жылқы мінсек көлік,сойса ет. Үстіміздегі киім-кешек,ішіп жеп отырған азығымызды,барлығын біз үй жануарларынан аламыз. Ал далада,орманда тіршілік ететін жануарларды жабайы жануарлар дейміз.<br><br>Міндеттері:<br>Балалардың естиярлар тобында меңгертілген түсініктерін кеңейту. Балаларды бір-бірімен еркін тілдік қарым-қатынасқа баулу.<br>Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Өнім атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.</td><td>Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>.<br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді.</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Байланыстырып сөйлеу.**<br>Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету. Жануарлар тірі табиғаттың негізгі бөлігі,олардың да алуан түрі бар екені туралы түсінік қалыптастыру.<br><br>**Ойын.**<br>**Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»**<br>Үнтаспадағы жануарлардың дауысынан қай жануар екенін табады. | Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** жануарлар туралы білімдерін кеңейту.
**Игереді:** Жан-жануарларға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
**Меңгереді:** Әр жануардың өзіне тән ерекшелігі мен берер пайдасын.

Тексерілді: 18.09.2023 ж.

## КМҚК «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.
25.09.2023ж.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД

### 2023-2024 Оқу жылы (25.09.2023ж-29.09.2023ж)

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**«Кел ойнайық» тақырыбы.**<br>Бұл сабақта біздің айтарымыз басқа халықтар сияқты,қазақтың да ұлттық ойындарының пайда болуы мен даму тарихы тым әріден басталатыны белгілі. Сондықтан барлық тәрбиенің негізгі бастауы сабақтағы түрлі ойындар арқылы,халықтық педагогика қағидаларымен ұштастырылып жатады. Ойындар қамтылып өткізілетін әрбір сабақтың мақсаты баланың ой-өрісін,тілін,сөздік қорын молайтып отырады.Қазіргі кезде де қазақтың қимыл-қозғалыс,тапқырлық,ептілік,төзімділік,ой-қиял ұшқырлығына баулитын ойындары тәрбие жүйесіне енгізілуде.Олар тек дене шынықтыруға емес,жас ұрпақтың,туған халқының өткен жолын,тарихын,тілін,әдет-ғұрпын жақынырақ білуіне де жақсы көмектеседі. Ұлттық ойындар «Арқан тартыс», «Асық ату», «Ханталапай», «Көкпар», «Бәйге» т.б.ойындар балалардың батылдық,ептілік,ұйымшылдық,жауапкершілік,төзімділік,халық шығармашылығына деген сүйіспеншілік тәрізді жақсы қасиеттерін дамытады.<br>**Міндеттері:**<br>Ойындарды ұйымдастыру,өткізу жұмысында тәрбиешілердің,үлкендердің көңіл бөлетін негізгі кездерінің бірі балалардың ойын тәртібін қатаң сақтауын қадағалау. Ұлттық ойындар туралы 3-4 сөйлем түрінде әңгімелей білу.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалар үшін ойынның,оның ішінде ұлттық ойындардың бала тілінің дамуына,есте сақтау қабілетін тереңдете түседі.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету. | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Байланыстырып сөйлеу.<br>Оқушылардың қимыл-қозғалыс қабілетін арттыру. Ойындарға қысқаша түсініктеме беріп,осы ойындардың ойналу жолын түсіндіру. Мысалы кез-келген ойынды бастау үшін мына өлең шумағын пайдаланып ойнатуға болады. Келіңдер ойын бастаймыз,<br>Лақтырып таяқ тастаймыз.<br>Қағып алып әуеден,<br>Кезектесіп ұстаймыз.<br>Сергіту сәті.<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>Ойын.<br>Қимыл ойын кезегі.<br>«Арқан тарту»</td>
<td>Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап,қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнады.</td>
</tr>
</table>

**Күтілетін нәтиже:**

**Жаңғыртады:** Қазақтың ұлттық ойындарының қалай ойналу керегін біледі.

**Игереді:** Ұлттық ойындар туралы қазақ тілінде айтуды.

**Меңгереді:** Ұлттық ойындардың даму тарихы туралы.

## КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД

### 2023-2024 Оқу жылы (02.10.2023ж-06.10.2023ж)

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**«Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбы.**<br>Балаларға «Қазақтың ұлттық ойындары» туралы мәлімет беру. Халқымыздың ұлттық ойындарының қалай қалыптасқандығы,оның атадан атаға балаға,үлкеннен-кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы туралы мағұлмат беру. Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып,жарыс түрінде көрсетіп,қызығушылықтарын арттыру. Ата-бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз,асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге,денсаулығын шыңдай түсуге,отансүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Міндеттері:**<br>Ойындарды ұйымдастыру,өткізу жұмысында тәрбиешілердің,үлкендердің көңіл бөлетін негізгі кездерінің бірі балалардың ойын тәртібін қатаң сақтауын қадағалау. Ұлттық ойындар туралы 3-4 сөйлем түрінде әңгімелей білу.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалар үшін ойынның,оның ішінде ұлттық ойындардың бала тілінің дамуына,есте сақтау қабілетін тереңдете түседі.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Оқушылардың қимыл-қозғалыс қабілетін арттыру. Ойындарға қысқаша түсініктеме беріп,осы ойындардың ойналу жолын түсіндіру. Мысалы кез-келген ойынды бастау үшін мына өлең шумағын пайдаланып ойнатуға болады. Келіңдер ойын бастаймыз,<br>Лақтырып таяқ тастаймыз.<br>Қағып алып әуеден,<br>Кезектесіп ұстаймыз. | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын.**<br>**Қимыл ойын кезегі.**<br>«Соқыртеке» ойыны<br>Ойыншылар дөңгелене тұра қалып,орталарына орамалмен көзін байлап «соқыртекені» шығарады. Шеңбер бойынша тұрған ойыншылар білдірмей барып,»соқыртекені» түрткілей бастайды. Осы кезде ол түрткен ойыншыны ұстап алып,атын айтуы керек. Ұстай алмаса да,дауыстап атын айтуы шарт. Осылай ойнап жүргенде «соқыртеке» тыныш тұрған ойыншыны да ұстап алып,атын айтуы мүмкін.Онда ұсталған ойыншыны көзін байлап ортаға шығарады да, «соқыртеке» болады. | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап,қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Қазақтың ұлттық ойындарының қалай ойналу керегін біледі.
**Игереді:** Ұлттық ойындар туралы қазақ тілінде айтуды.
**Меңгереді:** Ұлттық ойындардың даму тарихы туралы.

Тексерілді: 02.X.2023ж.

# КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: [signature] Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (09.10.2023ж-13.10.2023ж)**

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**"Жыл мезгілі Алтын күз»**<br>Жаз бен күзді салыстыра сұрап,әңгімелесу,өткен маусым туралы білімдерін тереңдету. Күз айларын дұрыс айтуға үйрету. Әр айдың ерекшелігін аңғарту. Сөз дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Қазақша сөйлесуде сөйлемді дұрыс құрастыру,өздеріне таныс оқиға туралы әңгімелей білуін жетілдіру. Суреттер көрсетіледі. Күз мезгілі туралы әңгімелейді. Күз айларын айту. Күз айлары: қыркүйек,қазан,қараша- күзде неше ай бар екенін айтып балаларға санатып айтқызу. Қыркүйек айында күн қандай болады? Салқын жаңбыр жауып күн кенет өзгеріп кетеді. Жапырақтар сарғаяды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Қыркүйек айында үлкен балалар қайда барады?<br>**Міндеттері:**<br>Балалардың жас ерекшелігін,бұрын меңгертілген білім деңгейін ескеріп,күзгі табиғат ерекшелігін,күзгі еңбек түрін,күздің халыққа берер байлығын ұғындыру.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Жыл мезгілі туралы білім-дағдыларын тереңдету,қайталап бекіту.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Жыл мезгілдері туралы түсінігін кеңейтуге, жыл мезгілінің ерекшелігін түсіндіре отырып,тілін дамытуға,күздегі табиғат сұлулығына назар аударту. Күзде қыркүйек айынан бастап,күн салқындайды. Аспан жиі бұлттанады. Салқын жел соғып,жаңбыр жауып, ауа-райы құбылмалы болады. Айналаға қараңдаршы,ағаш жапырақтары түрлі-түсті бола бастады. Сап-сары,қызыл,сары,көк,жасыл жапырақтар ағаштардан түсіп жатыр. Жерге түскен жапырақтар кілемдей жұмсақ. Егістікте сап-сары алтындай,жемістер де қызыл,сары түске боялған. Сондықтан күз-алтын күз деп аталады | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті.**<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын.**<br>Жапырақтарды жинау.<br>Балалар екі топқа бөлініп жапырақтарды себетке жинайды. Қай топ көп жапырақ жинаса сол топ жеңіске жетеді. | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай болатынын біледі.
**Игереді:** Жапырақтардың түсін.
**Меңгереді:** Күз айларын дұрыс айтуды үйренеді.

**КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.
16. X. 2023 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (16.10.2023ж-20.10.2023ж)**

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**"Менің ата-әжем» тақырыбы.**<br>Отбасы,үй-іші адамдарына сыйластыққа,кішіпейілділікке баулу. Күнделікті іс-әрекетке қатысты білімдерін тереңдету. Диалог ретінде сөйлесу,сөз ішінде дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Өз ата-әжесі,үй іші туралы әңгімелейді. Әжесіне шай ұсынып отырған қыз балаға ат қойып,қазақ тіліне тән ә,қ,т.б. дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Балаларды отбасы мүшесі ата-әже мен таныстыру. Үлкен кісілерге деген құрмет оларды сыйлау,ақылын тыңдау,үйреткен істерін жалғастыру.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздік қорларын дамыту. Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө,ұ,ү,қ,ғ,і,ң,h) дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Отбасынадғы ең қымбатты және қадірлі ата мен әже туралы түсінік беру. Үй іші адамдарына туысқандарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Сөз қорларын,ауызша сөйлеу тілін дамыту. Сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрастырып сөйлеуге үйрету. Мен,сен,ол,бұл,менің,сенің,оның сөздерін кірістіріп әңгімелесу. Отбасы ұрпақтан-ұрпаққа таралады. Ата –әкенің әкесі. Ата-өз отбасының ақылшысы ғана емес,ол отбасы бірлігін,тұрмысын,болашағын байқап отыратын дана,көреген қария. Атаның айтқаны кішілерге заң. Әже-әкенің шешесі. Ол отбасының тыныштығын ойлайтын көптің сыйлы анасы. Отбасының бірлігін сақтайтын тәрбиеші,ақылшысы.<br>**Сергіту сәті.** | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Орнымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын.**<br>Ортаға бір ер бала мен қыз баланы шығарып,ата-әже рөлінде ойнату. Қалған балаларды немере рөлінде ойнатып оларды үлкендерді қалай сыйлап жақсы көруге тәрбиелеу. | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Ата-әженің отбасындағы алатын орыны туралы біледі.
**Игереді:** Отбасы мүшелерін қазақша атап,олардың не істейтінін айта біледі.
**Меңгереді:** Үлкенге құрмет,кішіге ізет көрсету керектігін.

**КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (23.10.2023ж-27.10.2023ж)**

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**“Алматы-әсем қала» тақырыбы.**<br>Отанымыз Қазақстанның ең үлкен қаласы,бұрынғы астана,қазіргі мәдениет өнер,білім орталығы әсем Алматы туралы қазақша айтуға,әңгімелесуге үйрету. Ойлау,сөйлеу қабілеттерін,қазақша сөз қорларын дамыту. Алматының сұлу табиғаты,көрікті сая бақтары,отан,туған ел жайлы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау,дұрыс айтуға үйрету. «Алматы-әсем қала» деген сабақ тақырыбы туралы түсінік береді. Тақтаға ілген суреттерге балалардың зейінін аударып,балалар біз бүгін әсем,көрікті қаламыз Алматы туралы сөйлесеміз.<br>–Мынау қай қаланың суреті.<br>-Алматы қаласының суреті.<br>-Мынау қандай үйлер?<br>-Ол биік үйлер.<br>-Неше қабат екенін санаңдаршы. Балалар 5-7-8 қабат деп санайды. Алматыдағы биік үйлермен таныстырады. Биік,көп қабатты бас қала,таза,көрікті сөздеріне көңіл бөліп,осы сөздерді жеке-жеке қайталатып айтқызу.<br>**Міндеттері:**<br>Балаларға Алматы қаласы туралы түсінік беру. Тілдерін дамытып,ой-өрісін кеңейту.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Сөздік қорын байытумен бірге еске сақтау қабілеттерін қалыптастыру,грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге,берілген | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | сұраққа жауап беруге үйрету. Әсемдікке,сүйіспеншілікке,қамқорлық,еңбекшіл болуға тәрбиелеу. Алматы апорт алмасымен әлемге танылған. Қып-қызыл апорт алмалары дәмді,әрі ірі. Қалада саябақтар,демалыс орындары бар. Биік-биік ғимараттар қалаға ерекше сән береді. Көше бойы ағаштар мен гүлдер отырғызылған. Алматы да оқу орындары,мәдени орындары өте көп. Медеу мұз айдыны бар. Алматы Қазақстанның ең үлкен қалаларының бірі. Алматы-үлкен белестерді бағындырған қала. Табиғаты да өте керемет. Арманыңды арманға жалғайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын. «Алтын сақа»**<br>Балалар сақаны бір-біріне береді. Сақаны қолына алған бала тақырып бойынша сөз айтады. | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу,қаламызды сүюге,аялауға тәрбиелеу.
**Игереді:** Алматының табиғаты ерекше екенін.
**Меңгереді:** Алматы қаласында ірі ғимараттардың бар екенін.

Тексерілді: 23. х. 2023ж.

## КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (30.10.2023ж-03.11.2023ж)**

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**“Менің балабақшам» тақырыбы.**<br>Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру,сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Балабақшаның өмірімен таныстырып,ондағы қызметкерлер жайлы түсіндіру. Қазақ тіліне тән ә,і,қ,т.б.дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге,балабақша қызметкерлерінің еңбектеріне құрметпен карауға үйрету. Балабақшада меңгеруші,тәрбиеші,дәрігер,күтуші,аспазшы т.б. қызметкерлермен таныстыру.Үлкендердің еңбектерін бағалауға үйрету,балабақшаға деген мақтаныш,құрмет сезімдерін дамыту. Айналасындағы адамдарды жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Міндеттері:**<br>Балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балабақша-бұл біздің екінші үйіміз. Біз таңертең балабақшаға келіп күні бойы осы жерде тәлім-тәрбие аламыз,тамақтанамыз,сондықтанда балабақшаны екінші үйіміз деп айта аламыз. Балабақшамыздың аты қалай аталады? Сұрақтар қойып балалардың аты-жөнін айтуды үйретеді. Тәрбиешісінің аты-жөнін сұрау. Балабақша туралы әңгімелеу. Тазалықшы-екінші үйімізді өз үйіміздей жылы,таза болсын деп бөлмемізді жуып,тазалайды. Аспазшы-біз үшін дәмді | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br><br><br><br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | тамақтар әзірлейді. Дәрігер-сендердің дендеріңнің сау болуын қадағалайды. Кір жуушы-біздің сүлгілерімізді жуып береді. Тәрбиеші апайлар-сендер жақсы адам болып өсулерің үшін бәрін үйретеді.<br>**Серуенге шығу.**<br>Бақшаның кабинеттерімен таныстыру. Сабаққа келу қызығушылықтарын арттыру,кабинет атауларын айтуға үйрету.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын. «Біреу және көп» Біреу және көп ұғымын ажырата алуға үйрету.**<br>**Мысалы:сағат біреу-ойыншық көп,тақта біреу-парта көп,бір аквариум-көп гүл.** | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Балабақша туралы мәліметтер алады.
**Игереді:** Үлкендердің еңбектерін бағалау керек екендігін.
**Меңгереді:** Балабақша екінші үйлері екенін.

Тексерілді: 30 қазан 2023ж.

**КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (06.11.2023ж-10.11.2023ж)**

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**“Менің отбасым» тақырыбы.**<br>«Отбасы», үй іші туралы білімдерін кеңейту. Сөздерді дұрыс айта білуге,отбасы мүшелерін атай білуге үйрету. Отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әңгімелесу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үлкенге ізеттілік көрсетуге,кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Отбасы-үлкен қуаныш,мейірімділік,сүйіспеншілік,жылы ұя,қамқорлық ортасы. Отбасы мүшелеріне көмектесу,құрмет көрсету,қамқорлық жасау әрбір баланың қолынан келеді.<br>**Міндеттері:**<br>Сөздерді дұрыс айтуға,ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Отбасы мүшелерін,туысқандарын атай білуге дағдыландыру.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Отбасында кімдер тұратынын,отбасы мүшелерінің не істей алатынын айта алуға үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді орынды қолдана білуге дағдыландыру,тіл дамыту. Үлкен кісілерге деген құрмет оларды сыйлау,ақылын тыңдау,үйреткен істерін жалғастыру. Үлкен-кіші,аға-інілеріне бауырмалдық қарым-қатынасын қалыптастыру.<br>Ағасы бардың,жағасы бар.<br>Інісі бардың тынысы бар. Өз үй іштері туралы әңгімелету. Өзінің отбасындағы орнын түсінуге жағдай жасау. Балаларға жаңылтпаш айтқызу. Атамнан басталар, | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br><br><br><br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

<table>
<tr><td></td><td>Әжемнен қосталар.<br>Отбасым мыналар,<br>Ең жақсы адамдар.<br>Балалар,отбасы мүшелеріне ата,әже,әке,ана,сіңілі,қарындас,аға,апа,іні жатады. Отбасының үлкендері-атамыз бен әжеміз. Сондықтанда атамызға,әжемізге еркелейміз. Біз үшін ең қадірлі жандар-әкеміз бен анамыз. Олар біз үшін барлық нәрсені жасап,бізді ешкімнен кем қылмай өсіреді. Соған қоса біздің бауырларымыз бар. Аға деп отбасындағы үлкен ер баланы айтады. Іні деп отбасындағы кішкентай ер баланы айтады. Ұл бала үшін қарындас деп отбасындағы кішкентай қыз бала. Сіңілі деп отбасындағы үлкен қыз балалар өзінен кішкентай қыз балаларды айтады. Балалардан үйінде қанша адам тұратынын санатып сұрау. Балаларға бауырларын яғни аға,апа,іні,қарындас,сіңілерін жақсы көруді,оларды байқаусызда ренжітіп көңіліне қаяу түсірсе барып кешірім сұрау керегін үйрету. Жылы лебіздерін білдіріп,қандай жағдай болмасын қастарынан табылып,тіл табысу керегін жақсылап бойларына сіңіру. Бауыр дегеніміз бір анадан туғандар екенін,олардың орынын ешкім баса алмайтынын үйрету.<br>Серуенге шығу.<br>Серуен кезінде қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылады.<br>Сергіту сәті.<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>Ойын. Балаларға қиылған әріптерден аға,апа,ана,әке,әже,ата.т.б. сөздерді желім арқылы қағаз бетіне дұрыс құрап жабыстыру.</td><td>Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнады.</td></tr>
</table>

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Отбасы мүшелерінің туысқандық қарым-қатынасын түсініп,бір-біріне қамқор болу керектігін біледі.
**Игереді:** Отбасындағы адамгершілік,әдептілікті сақтай білуді.
**Меңгереді:** Отбасы мүшелерін атап береді. Олар жайында жаңылтпаш айтады.

Тексерілді: 06. қараша 2023 ж.

**КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы**

Әдіскер: [signature] Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.
13. XI. 2023 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (13.11.2023ж-17.11.2023ж)**

<table>
<tr><th></th><th>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</th><th>Балалардың іс-әрекеті</th></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td><td>Шаттық шеңбері.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>“Қазақ халқының салт-дәстүрлері»тақырыбы.<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерін,әдет-ғұрпын үйренуге және сыйлап құрметтеуге шақыру,балалардың күнделікті танымдық қорын дамыту. Ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге баулу. Ежелгі заманнан қазақ халқы-салт-дәстүрге бай халықтардың бірі. Қазақ халқы отбасындағы бала тәрбиесіне ерекше мән берген. «Әке балаға сыншы», «Жеті атасын білмеген-жетесіз» деген мақалдардың тәрбиелік мәні өте зор. Сондықтан бала өсірудің әр кезеңімен байланысты салт-дәстүрлер де қалыптасқан.<br>Міндеттері:<br>Оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуін,ақыл-ойын,тіл байлығын,шығармашылық қасиеттерін дамыту.<br>Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балаларды қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерімен,соның ішінде бесікке салу дәстүрімен таныстыра отырып,балалардың сөздік қорына бесік жабдықтарының атауларын дұрыс айта білуге үйрету. Бесік-қай халықтар болмасын,киелі зат болып есептеледі. Бос құндақталған балаға қарағанда бесікке бөленген баланың ұйқысы тыныш,бойы жылы,тәні таза болады. Балаларды бесікке салу рәсімімен таныстыру. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Бәріңде осы бесікте жатып,өскенсіңдер. Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі,бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ</td><td>Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді.</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>тұсынан осы белбеумен байлап қояды. Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сіріңкемен аластайды. Балаларға бесіктің де, төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі ол жерде түбегі тұрады. Ал мынау шүмегі,осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып,баланың денесі былғанбай таза болады. Мынау тарақ,айна бұларды бойжеткен қызымыз «»демі болсын» деп, ал мынау пышақ бала шошымас үшін жастығының астына саламыз. Бүгін қандай салт-дәстүрмен таныс болдық.? Бесіктің қандай жабдықтарын білесіңдер?.Қазақ ырымында баланы бесікке салатын әйел адамға көп балалы,жасы біразға келген ақ самайлы әжеге ұсынған. Бесікке салынған жас сәби осы кісі сияқты өсіп-өніп,ұрпағы мол болсын,ұзақ жасасын деген ниетте берілген. Бесікке салу ды да қазақ халқы той қылып дүркіретіп жасаған. Оны шілдехана той деп атайды. Дүниеге жаңа  келген нәрестенің құрметіне жасалтын бесікке салу тойы.  Тойда тыштырма ырымын жасайды. Бесіктің түбек салынатын тесігінен өткізіп,аналарына ере келген балаларға тәтті үлестіріп беру осылай аталады. Баланы бесікке бөлеген соң бесіктің үстіне 7түрлі нәрсе қояды. Бесікке қатысты қазақ халқында көптеген мақалдар бар. Атап айтқанда «туған жер-алтын бесік», «ана бір қолымен бесікті,екінші қолымен әлемді тербеткен», «ел болам десең,бесігіңді түзе» т.б. мақалдарды ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатыр. Бесік киелі мүлік болғандықтан,оны аяқ астына тастауға болмайды. Бесік атадан балаға мирас болып келе жатқан киелі зат болғандықтан,оны қадірлеп,биікке іліп қойып құрметтеген.<br>
Серуенге шығу.<br>
Серуен кезінде қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылады.<br>
Сергіту сәті.<br>
Орынымыздан тұрайық,<br>
Белімізді жазайық.<br>
Жоғары-төмен қарайық,<br>
Солға-солға түзу тұр.<br>
Оңға-оңға түзу тұр,<br>
Алға қарай бір адым.<br>
Артқа қарай бір адым<br>
Бойымызға күш жинап,<br>
Бір дем алайық.<br>
Ойын.  Тақтаға қиылып ілінген «Бесік» сөзін дұрыс орын орнымен орналастыру.</td>
<td>Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>
Балалар қызығып ойнады.</td>
</tr>
</table>

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Бесік туралы бірнеше мақалдарды айтады.
**Игереді:**  Қазақ халқының салт-дәстүріне жататын бесікке салу ғұрпы туралы.
**Меңгереді:** Бесіктің қандай киелі зат екенін.

## КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: [signature] Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.
20.қараша 2023ж.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД

### 2023-2024 Оқу жылы (20 .11 .2023ж-24 .11 .2023ж)

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**“Қазақ халқының салт-дәстүрлері»тақырыбы.**<br>Оқушылардың халық дәстүрі туралы ұғымдарын кеңейту. Тәрбиелік мәні бар салт-дәстүрлерді бойына сіңіру. Халық дәстүрінің мәнін түсініп,оны қадірлеп,бағалай білуді үйренеді.Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл-оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігін анық көрсетеді. Дәстүрдің де жақсы жаманы болады. Жаманы жолшыбай қалып қояды,жақсысы ғасырдан ғасырға кете береді. Соның ішінде қазақ халқының тұсау кесер салт-дәстүрімен танис болады.<br>**Міндеттері:**<br>Оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуін,ақыл-ойын,тіл байлығын,шығармашылық қасиеттерін дамыту.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Салт-дәстүр,әдет-ғұрып атадан балаға қалып отыратын мол мұра. Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі бар. Балаларға қазақ халқының салт-дәстүр түрлері туралы түсінік беру,оның ішінде тұсау кесу рәсімімен таныстыру. Балаларға сурет көрсетіп,суреттегі адамдармен таныстыру. Балалар,мына суреттерге назар аударайықшы,кімдерді көріп тұрсыңдар? –Ата мен әже және кішкентай баланы көріп тұрмыз. Олар үстеріне қандай киім киген? –Әженің үстінде қазақша көйлек,сыртынан камзол киген,басында жаулық. Ал ата шапан мен қазақша тақия киген. –Дұрыс айтасыңдар,бұлар қазақтың ұлттық киімдері. –Суреттегі кішкентай бала кім деп ойлайсыңдар? -Ол ата мен әженің немересі. Осы жерде отырған үлкен әжелер осы баланың тұсауын кесейін деп жатыр, «Тұсау кесу» деген сөзді естігендерін бар ма? Тұсау кесу | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | деген салт дәстүрдің бір түрі. Тұсау кесер сәби қаз тұрғаннан кейін тез жығылмай,сүрінбей жүріп кетсін деген тілекпен жасалады. Баланың тұсауын ата-анасы ең жүйрік немесе елге сыйлы адамға кестіреді. Ол үшін арнайы ала жіп дайындап сол жіппен кеседі. Оны баланың аяғына байлап,жіп баланың аяғында қалған. Оны қашан өзі шешіліп түсіп қалғанша алмайды. Не үшін ала жіппен кеседі. Болашақта бала ешкімнің ала жібін аттамасын,ақ пен қараны ажырата алатын,адал азамат болсын деген ниетпен кеседі. Әрқашанда шыншыл болсын,ешкімді алдамасын. Тұсауы кесілген баланы «Ақ жол» деп ақжайма үстімен немесе «жолы жұмсақ болсын» деп кілем үстімен жүргізеді. Тұсау кесер-сәби бесіктен шығып,еңбектеуден өткен соң,қаз тұрып,тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Бала екі табанымен тұрып,алғашқы қадам жасауға талпына бастаған сәтте қазақ «Баламыз тез жүріп кетсін» деген ниетпен,сәбидің тұсауын кестіріп думандатып той жасаған. Ырымшыл қазақ тұсауы кесілмеген бала сүріншек,болашақта жығылғыш болады деп болжаған.Ал тұсауы кесілген бала біреудің ала жібін аттамайтын адал,жолы ашық азамат болады деп санаған. Баланың аяғына ала жіпті байлап,тұсау кесу жырын айтады:<br>Қаз,қаз балам,қаз балам,<br>Қадам бассаң,мәз болам.<br>Күрмеуінді шешейін,<br>Тұсауыңды кесейін.-деп тұсау кескен адам баланың екі қолынан ұстап,қадам бастырып жүргізеді.<br>Тұсау кесерде аяқ астына жайылған кілемшенің төр жағына кітап,домбыра,қамшы секілді түрлі заттар қойып,балаға таңдатады. Бала қайсысын таңдаса,сол салаға бет бұрады деп есептейді. Әжелер,апалар бала қадам басқаннан кейін шашу шашады. Баланың тұсауын қайшымен емес,пышақпен кесу керек. Қазақ халқы қайшылануды жақсы ырымға баламайтындықтан,баланың тұсауын қайшымен кестірмеген. Сол себептен ата бабамыз «баланың өмірі қайшыланып қалмасын» деп тұсауын қайшы емес,пышақпен кескен.<br>**Серуенге шығу.**<br>Серуен кезінде қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын. Күш сынасу. Ортаға екі баланы шығарып күштерін сынатады.** | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Тұсау кесер салтымен толыққанды танысады.
**Игереді:** Ала жіппен не үшін кесу керегін.
**Меңгереді:** Тұсау кесер рәсімін кімге жолдауды.

## КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.
27.XI.2023ж.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД

### 2023-2024 Оқу жылы (27.11 .2023ж-01.12.2023ж)

| | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>**“Әр түрлі жемістер»тақырыбы.**<br>Балаларға жемістер туралы түсінік беру,түстер мен пішіндерін ажыратуға үйрету,денсаулыққа пайдасы туралы мағұлмат беру. Шапшаңдыққа,тазалыққа,байқампаздыққа тәрбиелеу. Ойлау қабілетін,тілін,сөздік қорын дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>Оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуін,ақыл-ойын,тіл байлығын,шығармашылық қасиеттерін дамыту.<br>**Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>**Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Көктем мезгілінде ағаштар бүршік атады,жерге көктер шығады,арықтарға сулар толады. Жемістер дәрумендерге өте бай,денсаулыққа пайдасы көп. Біз жемістерді көп жесек ауырмай үлкен болып өсеміз. Жемістерден шырындар жасаймыз. Балалар,жемістер бізге үлкен еңбекпен келеді. Біз оларды егеміз,суарамыз,баптап күтеміз. Піскеннен кейін жинаймыз. Балалар жемістер қайда өседі? Жемістерді ағаштан үзе салып жеуге бола ма? Оларды жақсылап жылы сумен жуып содан соң жеу керек. Жемістердің құрамында көптеген дәрумендер болады. Жаңа сөздерді меңгерте отырып,жеміс-жидектерді атай білуге дағдыландыру. Көкөністер мен жемістерді бір-бірінен ажырата білуге үйрету. «Ең басты байлық-денсаулық» Деніміз сау,ауырмасақ қана бақытты өмір сүреміз. Ал,ауырмау үшін дәрумендерге бай тағамдарды көп жеуіміз керек. Көп дәрумендер кездесетін тағамдардың денсаулыққа пайдасы көп. Біз жемістерді көп жесек,ауырмай,үлкен болып өсеміз. –Балалар қазір жылдың қай мезгілі? | Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | -Қыс мезгілі. Балалар денсаулығымыз күшті болу үшін нені көбірек жеуіміз керек? Жемістер мен көкөністерді көбірек жеуіміз керек. Өйткені оларда дәрумендер көп,дәрумендер адамдарға күш қуат береді. Жемістер бақшада яғни ағашта,ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз.<br>Жемістерге:алма,алмұрт,жүзім,өрік.т.б. жатады. Көкөністерге:картоп,қызанақ,пияз,сәбіз,қияр,т.б. жатады. Көкөністерді тұқым себу арқылы өсіреміз көктем айында. Күз айында жинап аламыз. Алманы көп жесеңдер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады,шаштың,тырнақтың өсуіне әсер етеді. Лимонды кесіп алып,шайға салып,ішіп жүрсе,қан жүрісі реттеледі. Банан сүйек,тырнақ,шаш өсіміне оң әсерін тигізеді. Жемістерден кампот қайнатады. Көкөністерді тағам ретінде салаттар жасаймыз. Ал көкөністердің пайдасы қызанақ ол біріншіден,тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден,қызанақта С дәрумені өте көп. Бақшада өсіп тұрған жемісті сабағынан үзіп алып,жумаған күйде жеудің өзі зиянды. Адамның іші ауруын да,басқада сырқаттарды туғызатын микробтарды көреміз. Жалпы жемістер мен көкөністер біріншіден дәрумен берсе,екіншіден тағам ретінде,ал үшіншіден дастарханға сән ретінде қоя аламыз. Сәбізді көп жесеңдер бойларың өседі.<br>**Серуенге шығу.**<br>Серуен кезінде қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Орынымыздан тұрайық,<br>Белімізді жазайық.<br>Жоғары-төмен қарайық,<br>Солға-солға түзу тұр.<br>Оңға-оңға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым.<br>Артқа қарай бір адым<br>Бойымызға күш жинап,<br>Бір дем алайық.<br>**Ойын. «Менің сүйікті жемісім немесе көкөнісім»**<br>**Берілген қағаздағы жемістер мен көкөністердің ішінен өздерінің сүйікті жемісін немесе көкөнісін таңдап,қарандашпен бояу.** | Оқытушыдан кейін тақпақты қайталап, қимылмен көрсетеді.<br><br>Балалар қызығып ойнады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Жаңғыртады:** Жемістер мен көкөністер қайда өсетінін біледі.
**Игереді:** Жемістер мен көкөністердің адамның денсаулығына пайдасын.
**Меңгереді:** Жемістер мен көкөністерді ажыратып біледі.

# КМКҚ «Жауқазын» бөбекжай бақшасы

Әдіскер: [signature] Шамғанова С. О.
Қазақ тілі маманы: Таңатарова Ж. Е.
04. XII. 2023ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы МАД**

**2023-2024 Оқу жылы (04.12.2023ж-08.12.2023ж)**

<table>
<tr><th></th><th>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</th><th>Балалардың іс-әрекеті</th></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</td><td>Шаттық шеңбері.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>Өткен тақырып бойынша әр түрлі әдістер арқылы оқушылардың сөз байлығын тексеру.<br>“Дәрумендер»тақырыбы.<br>Пайдалы дәрумендер туралы және салауатты тамақтанудың маңызы туралы білімдерін кеңейту. Дәрумендер денсаулық кепілі. Балаларға көкөністер мен жемістер адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру. Олардың құрамы дәрумендерге бай екендігін,тұмау мен суық тию ауруына шалдықпаудағы күресудің жолы екенін көрсету.<br>Міндеттері:<br>Оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуін,ақыл-ойын,тіл байлығын,шығармашылық қасиеттерін дамыту.<br>Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралдары ретінде дамыту.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету.<br>Сөздік қор.<br>Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.<br>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы.<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.<br>Байланыстырып сөйлеу.<br>Балалар,қазір қандай жыл мезгілі? –Қыс мезгілі. –Қыс айларын атаңдаршы? –Желтоқсан,қаңтар ақпан. -Қыста ауа райында қандай өзгерістер болады? –Суық болады,қар жауады,аяз болып күн салқындап борайды. Осындай салқын аязды күнде тоңып,ауырып қалмас үшін қалың киініп,дәрумендер жеу керек. Дәрумендерді біз жемістерден көкөністерден алуымызға болады. Балалар біз күн суытқанда тұмау болып жиі ауырамыз. Ол неліктен екенін білесіңдер ме? Біздің ағзамызда дәрумендердің аз болуынан болады. Балалар біз тұмау болмаудың алдын алуымыз керек. Ол үшін түрлі дәрумендер жеп әлденуіміз керек. Тұмау әсіресе тазалық сақтамай жүрген адамдардың қасында жүреді екен. Жеміс жидектерді жумай жеген балалардың қасында да жүреді. Сондықтан ең әуелі ас ішер алдында қолымызды жуып,жегелі тұрған тағамдарымыздың тазалығын мұқият қарап жеуіміз керек. Тұмаумен ауырмас үшін көкөністен жемістен жасалған</td><td>Оқытушымен бірге қайталайды.<br><br>Оқытушыны тыңдайды. Өз түсінгендерін айтып береді.</td></tr>
</table>